

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының 6D011100 - Информатика мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Мектепте сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру сабақтан тыс уақытта оқушылардың білімін, біліктілігін және дағдысын кеңейту және тереңдету мақсатында олардың жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған сабақтар болып табылады. Қазіргі кездегі жаңартылған білім беру бағдарламасында сыныптан тыс іс-әрекет бұл біртұтас оқу-тәрбие үдерісінің құраушы бөлігі, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны екендігі, сонымен қатар, оқу үдерісінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз ететіндігі келтірілген.

Сонымен қатар, мектепте сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыруда қазақ халқының ұлттық игіліктері мен мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, заман сұранысына сай жеке тұлғаның құзырлылығының қалыптасуына жағдай жасау қажет. Ұлттық болмысты қалыптастыруды әлеуметтік және мәдени тұрғыдан дамытудың бір қыры, мектепте білім беру үдерісінде ұлы ғұламалардың ғылыми мұраларын пайдалану болып табылады. Осындай ғылыми мұралардың біріне әл-Фарабидің математикалық мұраларын жатқызуға болады.

Қазіргі ақпараттық технологияның жылдам дамуы кезеңінде мектепте оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың қажеттілігі туындап отыр. Олай болса, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру диссертациялық жұмыстың өзекті мәселеге арналғанын көрсетеді.

И.Т. Сәлғожаның диссертациялық жұмысында сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың қажеттілігі ғылыми түрде негізделді; сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттары анықталды; оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың құрылымы мен мазмұны айқындалып, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құралдарын нақтылап, оның әдістемесі жасалды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен негізгі тұжырымдары халықаралық конференциялардың материалдарында, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған

